ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51, email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51, email: 110202@sud.kz

20.08.2024 № 4360-24-5-29/12673

Қызылорда облысының энергетика
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Қызылордажылуэлектроорталығы»
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорынына

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап коюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер «Newcasekz»атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындауға және электронды аткару парақ орындауға ұсыну үшін жолданады.

Қосымша: шешім көшірмесі, электронды аткару парақ

Судья **Т.Жүсіпов**

Орынд.: Куанышбаева Г. Ь.
тел.: 87084404723, 724-2465@sud.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 шілде № 4360-24-00-2/1510 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Newcasekz» атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер «Newcasekz» атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Newcasekz» атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Newcasekz» атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкерінен талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектроорталығы»

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның пайдасына 8778 (сегіз мың жеті жүз жетпіс сегіз) теңге тұраксыздық айыбы және 264 (екі жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Newcasekz» атауымен әрекет етуші Сандибек Муратулы Габдрахманов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған Жусупов Т. К., 05.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.08.2024, судья Жусупов Т. К., 20.08.2024